



**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері
Мемлекеттік әскери-тарихи музейі**
Государственный военно-исторический музей
Вооруженных Сил Республики Казахстан

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

материалов ежегодной международной
научно-практической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВОЕННОЙ ИСТОРИИ
КАЗАХСТАНА»**

Астана, 2022

УДК 355/359 (574)
ББК 68 (5Каз) Қ18

**Басып шығару ҚР ҚК Мемлекеттік аскери-тариhi музейінің
ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған**

Рекомендовано к печати научно-методическим советом
Государственного военно-исторического музея ВС РК

ҚР ҚК Мемлекеттік аскери-тариhi музейінің бастыры Л.Т. Әлжанның жалпы редакциясымен дайындалды. Редакциялық алқа: С.С. Хасенов (жинақ хатшысы, жауапты), Г.А. Досмұхамбетова (ұйымдастыру комитетінің хатшысы, жауапты), С.Р. Ахметова, А.Т. Әбдікәрім, К.С. Дунбаянов, У.Б. Қабдул, Д.Т. Қадыров, М.Б. Магулов, А.Н. Мамбетова, У.Д. Умралин, А.А. Шамахунова. Қазақстан аскери тарихының өзекті мәселелері. Жыл сайынғы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана: ҚР ҚК Мемлекеттік аскери-тариhi музейі, 2022.-213 б.

Жинақта аскери тарих және аскери өнер, музейтану сияқты Қазақстан Республикасының аскери тарихының өзекті мәселелері қарастырылады. Тарихшылардың оның ішінде аскери, аскери-патриоттық жұмыс тәрбиешілерінің музей қызыметкерлері, мұрағатшылар, мәдениет үйімдарының басшылары, оқытушылар, магистранттар және докторанттардың ауқымына арналған. Мақалалар авторлық редакцияда жарияланған.

ISBN 978-601-08-2830-8

© ҚР ҚК Мемлекеттік аскери-тариhi музей, 2022

УДК 355/359 (574)
ББК 68 (5Каз) Қ18

Под общей редакцией начальника Государственного военно-исторического музея ВС РК Л.Т. Әлжан. Редакционная коллегия: Хасенов С.С. (отв. секретарь сборника), Досмухамбетова Г.А., (отв. секретарь оргкомитета), Ахметова С.Р., Абдикиарим А.Т., Дунбаянов К.С., Кабдул У.Б., Кадыров Д.Т., Магулов М.Б., Мамбетова А.Н., Умралин У.Д., Шамахунова А.А. Актуальные вопросы военной истории Казахстана. Материалы ежегодной международной научно-практической конференции. - Астана: Государственный военно-исторический музей ВС РК, 2022. - 213 с.

В сборнике рассматриваются актуальные вопросы военной истории Республики Казахстан, такие как военная история и военное искусство, музееоведение. Рассчитан на широкий круг историков, в том числе военных, воспитателей по военно-патриотической работе, музейных работников, архивистов, руководителей организаций культуры, преподавателей, магистрантов и докторантов. Статьи опубликованы в авторской редакции.

ISBN 978-601-08-2830-8

© Государственный военно-исторический музей ВС РК, 2022



ЕРЖАНОВ А.Қ.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

ВАРШАВА ТАС ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЕРЛІК

Ақтөбе қаласында жасақталған 312-ші атқыштар дивизиясына қатысты деректер
сыр шерткенде

Соғыс жаңғырығы алыстаған сайын аға буын өкілдерінің қанқұйлы шайқастардағы және тылдағы ерліктері маңпілік халық жадында сақталады. Бұл соғыс Кеңес халқы үшін ауыр болды. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін шаруаға жарамды азаматтар еңбек вахтасына тұрып, сын сағатында қажырлық пен қайсаулық таныта білді. Кеңестік азаматтар таңның атысынан тұн жарымына дейін мандай тери мен табан етімен Ұлы Жеңіс күнін жақында берді. Бұл күнде тақырып аясында қалам алып, зерттеу жұмысын жүргізген еңбектеген отандық ғалымдар, өлкетанушылар мен жекелей зерттеу жұмысын жүргізен авторлармен жазылған еңбектер баршылық. Қазақстан қоғамының осы соғыста қосқан үлестері туралы әр жылдары басылып шыққан майдангерлердің естеліктері деректердің қатарын толықтыра тусты. Өкінішке орай, сол оқиғаларға тікелей араласқан ардақты аталарымыз бен әжелеріміздің қатары азайды.

Облыс орталығында орналасқан өлкетану музейінің «Ерлік пен Даңқ» залындағы экспозициядан ақтөбеліктердің қаһарлы соғыс жылдарындағы қосқан үлестері туралы жан-жақты мәлімет алуға болады. Залдың орталық бөлігінде Кеңес Армиясы жоғарғы аскери басшылық құрамына жататын генерал-майордың кителін көреміз. Зер салып оң қапталындағы жазуға ұңіліп қарайтын болсақ, 312-ші атқыштар дивизиясының командирі А.Ф.Наумов кигендігі туралы шағын ақпарат бар. Оған қарама-қарсы витринада Ақтөбеден аттанған дивизия құрамында қызмет еткен полк командирлері мен жауынгерлерінің суреттері мен оларға қатысты мәліметтер берілген.



312-ші атқыштар дивизиясының командирі, полковник А.Наумов.



Ақтөбе қаласында жасақталған 312-ші атқыштар дивизиясы мен 101-ші ұлттық атқыштар бригадасы жауынгерлерінің ерлігіне арналған ескерткіш.



Әскери китель. 312-ші атқыштар дивизиясының командирі А.Наумов киген.

Музейге келушілер экспозицияны бір шолып арі қарай зал экспонаттарын тамашалауды жалғастыратын болар. Алайда асықпай зер салып әдебиеттер мен архив құжаттарына сүйенер болсақ, соғыстың алғашқы сәттерінде 312-ші атқыштар дивизиясы кеңестік әскери құрамалармен бірге Мәскеу түбіндегі қиян-кескі шайқастарға қатысқандығы мен соққы алып ала отырып соңғы бөлімдері қалғанға дейін арпалысқа түскендігін біреулер білсе, біреулер білмес. Дәл осы қаһарлы жаудың екпініне шыдас беріп, оның бетін ерлікпен тойтарған қорғаныс ауданындағы жауынгерлер қатарында ақтөбелік жерлестеріміздің бар екендігін мақтан тұтамыз. Олардың батылдығы мен батырлығы мәңгі халық жадында сақталады.

Ақтөбе қаласында жаңа дивизияны жасақтауға қатысты Қазақ КСР КП ОК мен Орта Азия әскери округінің директивасына сәйкес Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Я.П. Иночкин, облыстық атқару комитетінің терағасы М.С. Арменков, әскери комиссар С.Д. Алексеев қызу кірісп кетеді [1, 52-6].

1941 жылдың 18 шілдесінде неміс армиясының Мәскеу бағытындағы жедел қозғалуына байланысты Можайск қорғаныс шебі құрылады. Алайда 9-10 қазан күндері қорғаныс шебіндегі жағдай қындалап, неміс әскерлері Гжатск, Можайск, Волоколамск, Малоярославецк және Калуга бағытында шабуылдарын үдете түсті. 1941 жылдың 10 қазанындағы №02 әскери бүйірекқа сәйкес Можайск қорғаныс шебінде (кейін Мәскеу қорғаныс зонасы) Волоколамск, Можайск және Малоярославецк қорғаныс аудандары қалыптасты. Малоярославецк қорғаныс ауданының бастығы болып 312-ші атқыштар дивизиясының командирі А.Ф. Наумов тағайындалады. Қорғаныс ауданының орталығымен Медынь, Малоярославецк және Подольск қалалары арқылы Варшава тас жолы етіп жатты.

312-ші атқыштар дивизиясы Валдай және Ериңья станциаларында жүк поезына тиеліп жатқан кездे 6-ші және 7-ші қазан күндері Малоярославецк қорғаныс ауданына жедел турде Подольск жаяу әскери және артиллеријалық училищелерінің курсанттары, 108-ші запастағы полк, 395-ші артиллеријалық полк, бас қолбасшылық резервіндегі 517-ші артиллеријалық полк, жеке танк ротасы және батыстан шегінген Қызыл армия бөлімдері топтастырыла бастады. 9-шы және 10-шы қазан күні барлық қорғаныс шебі бойында жағдай қындей түсті. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігіне Орталық архив құжаттарында деректерге сүйенер болсақ, №37 қорғаныс ауданының комендантты, полковник Смирнов осы жердегі барлық әскери құрамаларға жауапты болатын. Онда 6-8-ші қазан күндері Малоярославецк ауданының алдыңғы шебіне батыстан 33-ші, 24-ші және 43-ші армия құрамындағы дивизиялардың шашыраған бөлімдері шегінгендігін хабарланағы [2].

Дивизияның алғашқы эшелоны Ворсино станциясына жеткенде неміс ұшақтары станцияға үздіксіз шабуыл жасап жатқан-ды.

43-ші армия штабының мәліметі бойынша 312 атқыштар дивизиясы мен Подольск училищесінің курсанттары, 17-ші танк бригадасының қолдауымен Павлищево, Шувалово, Юрьевское, Лукяново, Ильинское, Подсосино, Машкино, Рябцево, Савиново және Детчино елді мекендерін қамтыған жаңа шепке орналасады [3, с.41].

Боровск бағытында дивизияның 1083-ші полкі жаяу маршпен жетісімен Ищеин және Зеленино деревнялары үшін шайқастарын бастап кетеді. Осы бағытта немістердің уақытша түсірілген десантының әлсіздігіне байланысты полк жағдайды уақытша тұрақтандырды. Алайда 12-ші қазан күні Мальцево мен Каменево елді мекендерінен жеткен неміс танк құрамалары мен жаяу әскерлері авиацияның көмегімен 1083-ші полктің батальондарына соққы береді. Ауыр шайқастардың нәтижесінде үшінші батальон солтүстікке қарай Деревенька деревнясына қарай шегінсе, қалған батальондар мен оларға қарасты роталар Абрамовская Слобода, Хитрово деревняларының жерінде шайқасып жатты. Полктің қалған бөлімдері Юрьевское деревнясының бағытында Лужа өзеніне қарай шегінүте мәжбүр болады.

Қорғаныс ауданының оң жағына немістердің 258-ші жаяу әскери және 20-шы танк дивизиялары Кеңес құрамаларын ығыстырумен болды. Жағдайдың ауырлығына байланысты 1083-ші полкке қосымша танк ротасы мен 12-ші гвардиялық минометшілер полкінің дивизионы, Мәскеу резервтік майданының штабымен 110-ші атқыштар дивизиясы, 9-шы және 17-ші танк бригадалары Малоярославецк қорғаныс ауданының оң жағына жұмылдырылады. Немістердің шығысқа қарай Боровск бағытындағы шапшаш қымылдауы майдан шебінде тұрған Кеңестік құрамалардың тағдырына қатысты дереу шешім шығарып, үздіксіз жағдайды бақылауда ұстауды талап етті. Шайқастар барысында Деревенька елді мекені



маңындағы 1083-ші полктің 3-ші батальонмен байланыс үзіліп, шығысқа қарай шегінген батальон жауынгерлері басқа аскери құрамаға қосылып кеткен.

Оның үстіне резервтен келіп жеткен бірсыптыра аскери бөлімдерге оқ-дәрі, тасымал техникалары, қару-жарақтар мен азық-түлік қажет етілді.

Уақыт өткен сайын Кеңес құрамалары үшін жағдай ауырлай түсті. Немістердің 13-ші армия корпусы Калуганы алғаннан кейін, Серпухово және Тарусса жеріне қарай бағыт алса, 12-ші корпус Малоярославецк қорғаныс ауданының оңтүстік жағынан қоршай бастады.

Дивизияның оңтүстік шебінде орналасқан 1083-ші полк 12-ші мен 14-ші қазан аралығында ауыр шайқастарға қатысып, Боровск бағытында шабуыл жасап жатқан 258-ші жаяу аскер және 20-шы танк дивизияларының қоршауына түсіп қалуы мүмкін еді. Бұл шабуылдарды тоқтату мақсатына шығысқа қарай шегініп бара жатқан кеңестік аскерлерді жинақтау арқылы дивизиялар мен полктер ірілендіріле бастады. Осы бағытта 110-ші, 113-ші атқыштар дивизиялары, 151-ші моторландырылған бригада, 127-ші танк батальондары жаңқиярлықпен шайқасты.

Қазан айының 13-інде Малоярославецк қорғаныс ауданындағы барлық аскери құрамалар Батыс майданына қарасты 43-ші армияның қарамағына өтеді. Қорғаныс ауданындағы жаңа аскери құрамалардың өзіндік құмылдары дивизия командирі А.Ф. Наумовты ойландырып тастаған-ды. Шептегі жедел ақпараттар дивизия штабымен қабылданып, ал ол болса Мәскеу резервті майданы штабының бүйіркүштері мен нұсқамаларын мұлтіксіз орындал жатқан еді. Кейін анықталғандай Мәскеу резервті майданының құрамалары Батыс майданының қарамағына өтіп, ал дивизия оның құрамындағы бөлімдер 43-ші армияға бағынышты болады. Бұндай жағдай шептегі ұрыс жүргізіп жатқан және жаңадан келіп қосылған аскери құрамалардың арасындағы түсініспеушілікті тудырған.

Қорғаныс ауданының оңтүстік жағындағы 1083-ші полкке қарасты бөлімдер (859-шы артиллериялық полктің дивизион бөлімдерімен бірге) Подольск жаяу аскер училищесінің басшысы, генерал-майор Смирновтың қарамағына өтіп кетеді.

43-ші армияның бүйіркүшінен полковник А.Ф. Наумовқа қорғаныс ауданының сол жағындағы аскери операцияны жүзеге асыру тапсырылады. Жалпы алғанда, 312-ші дивизия бір полксыз қалған еді.

Қорғаныс ауданының ортасымен өтіп жатқан Варшава тас жолы немістер үшін Малоярославецк қаласын жаулап алуда маңызды болатын. Сондықтан да бұл ауданға басқыншылардың 57-ші армия корпусы, оның ішінде, құрамында 21-ші танк полкі енген 3-ші моторландырылған дивизиясы мен 19-шы танк дивизиясы, тас жолдың оңтүстік жағында 4-ші моторландырылған дивизия шабуылға көшкен болатын.

Қазан айының 11-інде Варшава тас жолы бойында жаудың Малоярославецк қаласына тас жолымен келе жатқан неміс аскери құрамаларын тоқтату мақсатында Юрьевское, Лукьянovo, Ильинское, Большая Шубинка және Подсосено елді мекендерінің аралығын жалғап тұрған қорғаныс шебінде 108-ші запастағы полк бөлімдері (негізінде, бір батальон), Подольск жаяу аскер училищесінің курсанттары (сегіз рота) және Ильинское елді мекеніне қарай шыққан 53-ші атқыштар дивизиясы (бір полксыз) орналасты.

Қорғаныс ауданының оң жағында немістер Теняково деревнясы арқылы Тягино елді мекеніне шабуыл жасайды. Бұл жерде 1083-ші полктің 859-шы полктың артиллериялық дивизионы тұрған еді. Жаяу аскерді қолдаған танктердің қозғалысы тым қарқынды болатын. Батарея командирі В.И. Житниковтың мәліметі Тягино деревнясының түбіндегі шайқас барысында артиллериялық дивизион батареялары қатты соққы алған болатын. Деревня маңында 98 қазақстандық жауынгердің тек қана 17-і аман қалды. Осы шайқаста жерлестеріміз А. Рекрубрацкий, кіші лейтенант Г. Литвинов, Нурмагамбетов, Луценко, Дүйсенбаев, Гордиенко, Никитин, Даланибеков, Пабечный, Таразенеко, Сейітов, Рязанов, Решетников және басқа да ақтөбелік жауынгерлер қаза болды.

Көп ұзамай қорғаныс ауданының оң жағындағы 1083-ші полктан қалған бөлімдер қоршауда қалмауы үшін Юрьевское деревнясынан оңтүстікке қарай шегінеді.

1083-ші полктің тағдырына келер болсақ, 312-ші дивизиядан бөлінгеннен кейін Юрьевское деревнясынан оңтүстікке қарай Варшава тас жолы маңындағы Кудиново елді мекені маңына шоғырланғандығы белгілі болады. Берілген тапсырма - Қызыл армия бөлімдерінің шегінү барысында жаңа шепке орналасуда қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырмасы тұрды.

15-16 қазан күндері дивизияның 1079-шы полкінің қорғанысына неміс аскерлері үздіксіз шабуыл

жасай бастады. Әсіреке Башкировка, большая Шубинка және Машкино деревнялары бағытында немістің 4-ші механикаландырылған дивизиясы шабуыл жасаумен болды. Жағдайдың қындығына байланысты шептің оңтүстік жағындағы Подольск курсандарының шебі бұзылып, дивизия командирі А.Ф. Наумов олардың Косилово, Придacha, Рубцово, Савиново деревняларындағы шепке шегінуге бұйрық береді.

Немістердің үздіксіз шабуылдары барысында Варшава тас жолының оң және сол жағында қорғаныс бұзылып, жаудың әскери бөлімдері Лукьянovo, Ильинское, Кудиново елді мекендеріне кіреді. Көп ұзамай тас жолмен Малоярославецк қаласы бағытында жүрген немістер әскерлері, оған таяу орналасқан Шумятино және Шубинка аудандарына 43-ші армия резервінде тұрған 53-ші атқыштар дивизиясына қарасты 12-ші атқыштар полкінің қарсылығына төтеп беріп, Малоярославецк қаласының маңына жетеді.

43-ші армия штабы қорғаныс ауданының сол жағына ерекше бақылауда ұсталды. Бұған себеп, Калуга бағытында неміс әскерлерінің шоғырлануы мен 12-ші және 13-ші неміс армия жасақтарының қозғалысқа келуі. Тұтқылдан шабуылдау барысында қоршауда қалу қаупін тудырды.

12 қазанда қорғаныс ауданының сол жағында неміс әскерлері 1079-шы полк бөлімдері мен 859-шы артиллериялық полктың екі батареялары орналасқан шепке – Машкино бағытында шабуылдар үйімдастыруды. Шептің сол жағында немесе оңтүстік-батыс бағытта Детчино жеріне дейін майор Морозов басқарған Подольск жаяу әскер училищесінің роталары орналасты. Училище курсанттарынан жасақталған алдыңғы қорғаныс шебі Редькина деревнясында орналасқан еді.

14-15 қазан күндері қорғаныс ауданының сол жағында Детчино деревнясы бағытында неміс әскерлерінің шабуылдары қүшейді. Бұнымен бір мезетте Большие Луга, Бобровка және Прудки елді мекендерінің бағытында құшті неміс құрамаларының бара жатқандығы анық болды. Бұл жағдай Детчино және Малахово деревняларының аралығында қорғаныста тұрған 1081-ші полк бөлімдерінің қоршауда қалу қаупін туғызды. 43-ші армия штабының маліметінә жүгінер болсақ Детчино деревнясын екі жағынан қоршап алуды жоспарлағаның құжаттардан білуге болады [3, с. 47].

1079-шы және 1081-ші полктерінің әлсіз жерлеріне немесе аралығына шабуыл жасаған неміс әскерлері Детчино деревнясын оңтүстік жағынан айналып өтіп, қоршауға алуды жоспарлай бастады.

Дивизия командирі А.Ф. Наумов өзіне қарасты әскери бөлімдерді Малоярославецк қаласының оңтүстік жағына қарай шегінуге рұқсат сұраған. Алайда 43-ші армия штабы бұл сұранысты қанағаттандырмады. Оның үстіне армия штабымен байланыс үзіліп, дивизия командирі дереке арада екінші эшелонда тұрған бөлімдерді Детчино деревнясындағы қорғанысқа аттандырады. Жартылай қоршауда қалған 1081-ші полк бөлімдері Детчино ауданынан кейін шегінуге мәжбур болды. Генерал-майор А.Ф. Наумовтың басшылығымен шыққан «На Варшавском шоссе» естеліктер жинағында қорғаныста тұрған әскери бөлімдерге оқ-дәрінің жеткізілмеуі, жанар-жағармайдың жетіспеуі мен бөлімдер арасындағы байланыстың үзіліү қоршауда қалу қаупін еселей түскендігін келтіреді. Жағдайдың ауырлығына байланысты дивизия полктерінің тағдырына қатысты шешім шығару командирдің жеке тәжірибелі мен интуициясына сену арқылы жүзеге асқандығы келтіріледі.

18 қазанда қатты соққы алған шеп бойындағы әскери бөлімдер Протва өзеніне қарай шегінеге бастады. Осы өзен бойындағы Оболенское және Высокиниче елді мекендерінің арасындағы Кеңес армиясының 17-ші дивизиясы орналасқан қорғаныс шебіне қарай Малоярославецк қорғаныс ауданының сол жағындағы бөлімдер бағыт алды. Воробьев деревнясында 9-шы танк бригадасынан қалғандары орналасса, Недельное деревнясында 2-ші Люберецк атқыштар полкі орналасады. Варшава тас жолымен және оның солтүстік жағымен 54-ші атқыштар дивизиясы, Подольск атқыштар училищесінің бөлімдері, 53-ші атқыштар дивизиясы, 108-ші запастағы атқыштар полкі шегініп, Протва өзенінің бойында қорғанысқа көшө бастады.

312-ші атқыштар дивизиясының 1079-шы полкі Локонское, Барданево деревнялары бағытында шегінсе, оның оң жағында 1081-ші полкі Хрустали және Рысковщина деревняларына қарай шегінеге бастады. Дивизия штабы Клины елді мекенінде орналасты. Дивизия штабы Протва өзенінен өту үшін Ивашкевичи деревнясы маңындағы ағаш көлірден өтуді жоспарлады. Неміс әскерлері Варшава тас жолымен Мәскеу бағытында тез жылжып отырды. Оның үстіне Угодские заводы елді мекенінен өтіп бара жатып немістердің барлаушылары шегініп бара жатқан дивизия бөлімшелері жеткенге дейін осы елді мекенде болып өткендігі анық болады. Шегінген кеңестік армия бөлімдері Нара өзені бағытында топтастырыла бастады.



Я. Сировскийдің «На последнем дыхании» тақырыбында басылған естелігінде дивизия бөлімдері Протва өзеніне жеткенде көпірдің тас талқаны шыққанын көреді. Көпір 17-ші атқыштар дивизиясы командирінің бүйрығымен талқандалды. Бұл арекет шабуыл жасап келе жатқан неміс құрамалары мен дивизия арасында басқа кеңестік бөлімдер жоқ болуы мүмкін деген шешімнен кейін жүзеге асқан еді. Алайда өзенге ақтөбелік дивизия жаумен қарсыласа отырып, кешігіп келе жатқан еді. Аса ауыр жағдайда өзеннен өту барысында техникалардың кедергі келтіруіне байланысты автокөліктер мен тіркеме құралдары істен шығарылып, қалдырылады [1, с.58].

Протва өзенінен өту барысында Кеңес аскерлерінің өзенінің шығыс жағында қорғаныстың жоқ екендігін біледі. Жердің лайсан болуы мен жауған жаңбырлардың асерінен орман жолдары батпақа айнала бастады. Сондықтан бөлімдерге қатысты қару-жарақтарды тасымалдау мен жауынгерлердің жүрісі өте баяу болатын.

Архив деректеріне сүйенер болсақ, 19 қазан күнгі шайқастар барысында 43-ші армия штабына 312-ші дивизияға қарасты құрамның жағдайы туралы мәлімет түспеген [3, с.51].

21 қазанда 312-ші дивизия шығысқа қарай шегіне отырып, Истье өзенінен өтіп, Нара өзенінің бойындағы Тарутино елді мекенине қарай бағыт алды. Архив деректеріне сүйенер болсақ, шегінген дивизиядан 1800 жауынгер қалған бір полк шегінген, қалған полктар шашылып кеткендігі келтіріледі [3, с.52].

Дивизия штабының мақсаты Нара өзенінің бойында бекінген Кеңес аскери құрамаларына қосылу болатын. Нәтижесінде, армия штабымен байланысқа түсе отырып, дивизия полктері Нара өзенінің батыс жағында Макарово және Борисково деревнясында қорғанысқа түсті. Дивизия штабы Нара өзенінің арғы бетіндегі шығыс жағындағы Глядово деревнясында орналасты. Армия штабымен Нара өзенінен өтіп кеткен құрамаға қатысты белімдерді іздеп тауып, қосып алу тапсырмасы берілді.

Армия штабының тапсырмасына сәйкес 312-ші дивизиядан бөлініп қалған 1083-ші атқыштар полкінің тағдырына келер болсақ, Варшава тас жолының солтүстігінде Кудиново елді мекенінен амалсыз шығысқа қарай шегінген полк неміс аскерлерінің тас жолмен алға қарай кетіп қалғандығын біледі. Бұл жағдай полктің қоршауда қалу қаупін тудырды. Сондықтан да полк командирі А. Автандилов ұзаққа созылатын ұрыстарға килікпей, орман жолдары арқылы Малоярославецк қаласының солтүстігі арқылы Анисимово, Пяткино және тас жол бойындағы Белоусово елді мекеніне жетуге асықты. Тұн қараңғысы мен орман жолдары балшыққа айналуы полк жауынгерлерінің алға жылжуына кедергілерін келтірді. Оның үстінен қозғалыс бағытының оң және сол жағы жау қолында қалуы кез-келген уақытта полктің қоршауда қалу қаупін сейілтпеді. Полк командирі А. Автандилов өз естелігінде «жауынгерлердің шамадан тыс шаршағандығы соншалық, олар келе жатып үйіктап кетіп, құлайтын» деп жазады [1, с.67].

Кеңес армиясына қарасты аскери бөлімдер соңғы күштерін жинап, Варшава тас жолымен Маскей бағытында шабуыл жасауы мүмкін неміс дивизияларын тоқтатуды жоспарлай бастады. 1941 жылдың 21 қазанындағы мәлімет бойынша Варшава тас жолы бағытында неміс аскерлерінің 19-шы танк дивизиясы, 98-ші жаяу аскері, ал Тарутино деревнясы бағытында 34-ші жаяу аскер дивизиясы қимылдан жатты. Неміс аскерлері шығысқа қарай жылдам қимылдауылары үшін тылдан дивизиялар үздіксіз қамтамасыз етіліп отырды. Оның үстінен жау авиациясы жердегі құрамалардың жылжуына қолдау көрсетіп отырды.

22 қазан күні Нара бойындағы Макарово, Борисково, Бухаловка және Тарутино елді мекендері үшін ауыр шайқастар жүрді. Макаровка елді мекені үшін шайқаста 1079-шы полк Борисовка елді мекеніне қарай шегінсе, Варшава тас жолының бойында орналасқан Бухаловка елді мекеніндегі шайқастардан кейін Қызыл армия бөлімдері бұл жерден кетеді. Нара өзенінің бойындағы соңғы күшін жинаған Қызыл армия бөлімдері Тарутино елді мекенін тастап кетуге мажбур болды. Әуе қолдауымен Тарутино және Корсаково деревняларына шабуыл жасаған немістердің 34-ші дивизиясы осы күннің кешіндеге деревняларды қорғап тұрған 17-ші және 53-ші дивизиялардың бөлімдерін орманға қарай ығыстырады.

Нара өзені бойындағы қорғаныстағы Кеңес бөлімдері бар күшімен қорғанысты ұстап тұруға тырысты. 23 қазан күні неміс аскерлері Маскей бағытында Нара өзені бойындағы кеңестік армия бөлімдеріне шабуыл жасауды тоқтатпады. Бірте-бірте ұрыс алаңы Нара өзенінің бойына жақындағы түсті. Варшава тас жолын қорғап қалу мақсатында Чубарово деревнясының маңында 9-шы танк бригадасымен қатар 201-ші ауе десант бригадасы орналасты. Ал Нара өзенінің шығыс жағында Инино және Ольховка елді

мекендерінің ортасында 10-шы десант бригадасы қорғаныста тұрды. 43-ші армия штабының бүйрекіне сәйкес дивизия командиріне деру арада құрамадан қалған жауынгерлерді жинап алу мен жаңа қорғаныс шебін қалыптастыру жүктеледі. Бұған дейін ауыр шайқастардан кейін жауынгерлердің жағдайы тым ауыр болатын. Материалдық-техникалық жағдай жұтаң тартып, қорғану үшін тылдық қамтамасыз ету үзіліп қалды. Оның үстіне жаураған жауынгерлер, лайсан жолдармен жаңа қорғаныс ауданын қалыптастыруға мажбүр болды. Жауынгер естеліктерінде шаршаған жауынгерлер сәл отырып қалса, үйықтап кетуге дайын екендігі айтылады.

Дивизия командиріне берілген жаңа тапсырманың бірі шығысқа қарай шегініп бара жатқан жауынгерлер мен бөлімдерді қай құрамаға жататындығына қарамай өз қарамағына қосып алу болатын. Шегініс барысында дивизия құрамасынан белініп қалған артиллериялық полк дивизионының табылып, қайтадан өз қарамағына қосылуы жабырқау көнілді аздап болса да жібіткендей болды.

Нара өзенінің шығыс жағында неміс аскерлеріне тосқауыл қою мүмкіндік болмады. Варшава тас жолымен бағыт алған немістерді Чубарово елді мекенінде тоқтату мүмкін болмады. Ал 312-ші атқыштар дивизиясының 1079-шы полкі орналасқан Орехово деревнясын сақтап қалу мүмкін болмады. Полк қорғанысынан онтүстік жағында орналасқан Гремячево деревнясы жау қолына өтсе, қорғаныста тұрған 53-ші дивизия жауынгерлері шығысқа қарай орналасқан Чернишня елді мекенін күші сарқылғанша қорғап тұрды.

23 қазан күні неміс аскерлерінің Нара бойындағы ауыр шайқастардан кейін 1081-ші атқыштар полкінің жауынгерлері 1079-шы полкке қосылады. Өкінішке орай, қиян кескі шайқастардың бірінде 1079-шы полк командирі Анатолий Александрович Бурков қаза болып, орнына полк штабының бастыбы, капитан Петр Иванович Гусак тағайындалады. Орехово деревнясынан шегінген 1079-шы полк осы елді мекен Нара өзенінен өту үшін осы маңда аман қалған ағаш көпірден өтіп, өзеннің шығыс жағында қорғаныста қалады.

Көп ұзамай 22 қазан күні Варшава тас жолының солтүстігімен шегініп келе жатқан 1083-ші атқыштар полкінен қалған белімдер Нара өзеніне жетіп, Каменка деревнясының солтүстік-шығысындағы орманға келіп орналасты. Дивизия штабында полк командирінің қалған жауынгерлерді аман-есен жеткізіп, қатарға қосылуын қуанышпен қарсы алды. Майдан даласындағы ауыр жағдайларға байланысты аскери белім толық талқандалған деген есепте болды.

Қас қарада 43-шы армияның штабы Нара өзенінің батыс жағында қорғаныста болған Қызыл армия белімдерінің аман қалған жауынгерлерін қайтадан жинақтай бастады. Армия штабының бүйрекіне сәйкес 312-ші атқыштар дивизиясының командирі, полковник А.Ф. Наумовқа деру арада шайқастан шыққан 312-ші, 17-ші және 53-ші дивизиялардан аман қалған жауынгерлері негізінде қайтадан «жыныстық» дивизия жасақтау тапсырылады. А.Ф. Наумовтың естелігіне жүгінер болсақ, дивизияға екі күннен кейін «53-ші» деген нөмір тағайындалады. Оралған 1083-ші полк жауынгерлері негізінде 1-ші жыныстық полк құрылып (кейін 12-ші полк атанған), бұған дивизияның басқа полктерінен қалған ақтөбелік-жауынгерлер келіп қосылады.

312-ші атқыштар дивизиясының ғұмыры қысқа болғанымен де, Мәскеу бағытындағы Малоярославецк қорғаныс ауданыда жауға тойтарыс беруде ерен ерлік үлгісін көрсете білді. Қысқа уақыт ішінде жасақталған дивизияның соғыс өнерінде тәжірбесі жоқ болатын. Аласапыран уақытта материалдық-техникалық жұтаңдық пен тылдық қамтамасыз етуден қол үзіп қалған дивизияның белімдері немістің жақсы қаруланған аскеріне тойтарыс бере алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Наумов А.Ф. На Варшавском шоссе. Литературная запись П. Якушева. – А-Ата.: «Казахстан», 1968. – 115 с.
2. 37-й (Малоярославецкий) укрепленный район. Форум поисковых движений. <http://forum.patriotcenter.ru/index.php?topic=70160.0> (время публикации документа 22 Октября 2016, 01:27:10)
3. Журнал боевых действий штаба 43 армии (02.01.1942 г.). ЦАМО, Фонд 398, Опись 9308, Дело 24, с.41. https://pamyat.naroda.ru/documents/view/?id=151200111&static_hash=b06abf26a5524c4dce8a127eb2dc5253v2.